

1 қыркүйек 2026

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Өңдеу өнеркәсібіндегі ахуал төрт жарым жылдан астам уақыт ішіндегі ең төмен деңгейге түсті

1 қыркүйек 2026

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨНДЕУШІ САЛАЛАР БОЙЫНША PMI®

Мазмұны

Негізгі тұжырымдар

Шолу

Пікір

Өндіріс пен сұраныс

Жұмыспен қамту және
өндіріс қуаты

Жеткізу тізбегі

Инфляция

Өңдеу өнеркәсібі салалары

Халықаралық PMI

Әдістеме

Қосымша ақпарат

Есеп туралы

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Есепте жергілікті өндірушілердің өкілдер панелінен алынған сауалнама негізінде өндіріс, сұраныс, жұмыспен қамту, баға және жеткізу тізбегіндегі айлық өзгерістер қадағаланады.

НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАР

Тамыз 2026

Тамызда өңдеу өнеркәсібі одан әрі құлдырады

Өндіріс пен жаңа тапсырыстар саны анағұрлым қысқарды

Жұмыспен қамту және сатып алу көлемі айтарлықтай қысқарды

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI
Тамыз 2026

46.0

PMI® өндірістік көрсеткіштерді уақтылы баяндап отырады. Ол жаңа тапсырыстар, өндіріс, жұмыспен қамту, жеткізу мерзімі, сатып алулар қоры бойынша айлық өзгерістерді бақылап отыратын бес қосалқы индекстің орташа мәні. Әр қосалқы индекс 0 мен 100 аралығында және бұл «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы мен «өзгермеген» жауаптар пайызының жарты мәні. 50-ден жоғары мән өткен аймен салыстырғанда өсім болғанын, ал 50-ден төмен мән кемуді білдіреді. Индекстер маусымға қарай түзетіліп отырады. PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін [мына жерді](#) басыңыз.



ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІНДЕГІ АХУАЛ ТӨРТ ЖАРЫМ ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ ІШІНДЕГІ ЕҢ ТӨМЕН ДЕҢГЕЙГЕ ТҮСТІ

Тамыз деректері сұраныс азайып, тұтынушылардың төлем қабілеті төмендегендіктен жаңа тапсырыс саны қысқарғандықтан, Қазақ өңдеу өнеркәсібіндегі құлдырау үдей түскенін көрсетті.

Бірқатар респонденттер жұмыс болмаған соң өндірісті тежеуге тура келгенін атап өтті, салдарынан өндіріс, жұмыспен қамту және сатып алу да қысқарды. Сонымен бірге, болашақта өнім өндірудің өсіміне қатысты көңіл-күй салыстырмалы түрде бәсең қалпында қалды.

Freedom Holding Corp. Қазақстан өңдеу өнеркәсібінің PMI® (Сатып алу менеджерлерінің индексі™) тамызда қатарынан үш ай бойы төмендеп, шілдедегі 47,0 мәнінен 46,0 мәніне дейін түсті. Осылайша, негізгі PMI индексі 2026 жылдың басынан бері секторда байқалған құлдырау одан әрі жалғасқанын көрсетті. Іс жүзінде тамыздағы іскери ахуалдың анағұрлым төмендеуі тек 2020 жылғы сәуір, 2021 жылғы қаңтар мен 2022 жылғы қаңтардағы көрсеткіштерден кейінгі ең елеулісі болды.

Сауалнама деректері көрсеткендей, тұтынушылардың сатып алу қабілеті төмендегендіктен жаңа жобалар бастай алмаған компаниялар жаңа тапсырыс алуда қиындықтармен бетпе-бет келді. Жаңа бизнес қатарынан төрт ай бойы және төрт жарым жылға жуық уақыт ішіндегі ең жылдам қарқынмен төмендеді.

Жаңа тапсырыс саны қысқарған соң, компаниялар өңдеу өнеркәсібіндегі

өндірістің де дәл сондай көлемде қысқарғанын хабарлады, осылайша төмендеу кезеңі сегіз айға созылды. Бірқатар респонденттер жұмыс болмаған соң өндіріс уақытша тежелгенін атап өтті.


Жұмыспен бірге сектордағы өндіріс қуатына түсетін жүктеме де азайған соң, компаниялар кез-келген жобаны соңына дейін орындауда, сәйкесінше аяқталмаған тапсырыс көлемі де, дайын өнім қоры ең төмен де көрсеткіштердің біріне дейін азайды.

Өндірушілер де өндіріске қажеттілік азайған соң өз қызметін қысқартуға кірісті. Жұмыспен қамту қатарынан жетінші ай қысқарды, кей компаниялар жұмысшыларын ақысыз демалысқа жібергенін хабарлады. Қызметкерлер санын қысқарту анағұрлым қарқынды және 2022 жылғы қаңтардан бергі ең жылдам деңгейде жүрді.

Сатып алудағы белсенділік те төмендеді, ал қысқару 2022 жылғы наурыздан бергі ең жоғарғы қарқынға дейін күрт үледі. Өз кезегінде, ресурс қоры қайтадан анағұрлым азайды. Компаниялар тағы жүк жеткізу мерзімінің ұлғаюымен бетпе-бет келді, әсіресе Ресей шекарасындағы мәселелерге байланысты, дегенмен бұл жолы жеткізу жұмысы шамалы ғана нашарлады.

Ресурс құны инфляция қарқынымен бірге шілдедегі көрсеткіштен сәл асып, қайта күрт өсті. Респонденттердің дерегінше, металл мен текстиль секілді шикізат бағасы қымбаттап, коммуналды қызмет ақысы да өскенін атап өтті. Өз кезегінде, өндірушілер де өнімнің сату бағасын жедел қарқынмен көтерді. Соңғы үш жыл бойы баға ай сайын өсуде.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дерек 2026 ж.12-21 Тамыз аралығында жиналған.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

Жаңа тапсырыстар саны артады деген үміт пен өндірісті кеңейту жоспары алдағы жылы өнім өндіру көлемі артады деген оптимизмге түрткі болып отыр. Дегенмен, компаниялардағы қазіргі қиындықтар мен болашаққа қатысты белгісіздікке орай көңіл-күй салыстырмалы түрде бәсең қалпында қалды.

ПІКІР

Салтанат Мұхамбеталиева, Freedom Holding Operations ЖШС Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы:

«Тамыз айының нәтижелері Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібіндегі құлдыраудың жалғасып жатқанын көрсетеді. PMI индексі соңғы 15 айдың 14-інде бейтарап деңгейден төмен болды. Соңғы жылдар мен айларда елде іске қосылған жаңа өндірістік қуаттар мен инвестициялық жобалар, әрине, саланың жиынтық көрсеткіштерін қолдап отыр. Алайда PMI нәтижелері бұл серпіннің кәсіпорындар арасында әзірге біркелкі таралмай


отырғанын көрсетеді. Салалар бөлінісінде тамызда іскерлік белсенділіктің ең айқын төмендеуі тамақ өнеркәсібінде байқалды, бұл сұраныстың кезекті рет қысқаруымен байланысты. Көлемі әртүрлі кәсіпорындар арасында ең елеулі нашарлау ірі өндірушілер тобында тіркелді. Олардың өндірістік тізбектердегі рөлін ескерсек, бұл құлдыраудың жеткізушілер мен сабақтас өндірістерге, соның ішінде шағын кәсіпорындар мен қосалқы салаларға одан әрі таралу қаупін туғызады. Бүкіл өңдеуші өнеркәсіпте орнықты динамика қалыптасуы үшін өндірістік мүмкіндіктердің кеңеюі тапсырыстардың өсуімен, ішкі өндірістік кооперацияның дамуымен және кәсіпорындардың айналым капиталын қаржыландыруға қолжетімділігімен қатар жүруі маңызды.»

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және
талдау басшысы
Freedom Holding Operations ЖШС
[saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.
group](mailto:saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group)
Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы өңдеуші салалар бойынша PMI

Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған. Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ӨНДІРІС ПЕН СҰРАНЫС


Тамызда Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі құлдырау қарқын алды, өндіріс көлемі мен жаңа тапсырыстар саны шілдеге қарағанда жеделірек қысқарды.

Бірқатар респонденттер сұраныстың болмауы әрі тұтынушылардың сатып алу қабілеті төмендеуіне орай өндіріс уақытша тоқтағанын атап өтті.


Бұған қоса, жаңа тапсырыстар төрт ай қатарынан азайды және 2022 жылғы наурыздан бергі ең қарқыны күрт төмендеу болды.

Жаңа тапсырыстарға қатысты ахуалға келсек, өңдеу өнеркәсібінде өндіріс күрт азайды. Бұл жолы сегізінші рет әрі наурыздан бергі ең төмен құлдырау тіркелді.

Күрделі экономикалық жағдай аясында іскери сенім салыстырмалы түрде төмен, ал бірқатар компания келер жылға қатысты сенімсіздік білдірді. Көңіл-күй шілдеге қарағанда сәл өсті, дей тұрғанмен, бұл жаңа тапсырыстар санын арттыру немесе өндірісті кеңейтуді жоспарлаудан үміттенуге ықпал етеді.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚУАТЫ

Тамыз деректеріне сәйкес, Қазақ өңдеуші кәсіпорындарының әлеуетіне түсетін жүктеме аз болғандықтан жұмысшы саны қысқартылды.

Қызметкерлер саны тамызда қатарынан жетінші ай айтарлықтай қысқарып, қарқыны жағынан 2022 жылдың басынан бергі ең елеулі деңгейге жетті. Кейбір респонденттер өндіріс тежеліп, жұмыс көлемі


азайғандықтан, жұмысшылар ақысыз демалысқа жіберілгенін хабарлады.

Жаңа тапсырыстар саны күрт азайғандықтан, фирмалар жұмысты жедел аяқтап, өнімді клиентке дайын болған сәтте дереу жеткізіп отырды. Нәтижесінде, тамызда дайын өнім қоры да, аяқталмаған тапсырыстар саны да қайтадан тез азайды.

Екі жағдайда да қысқару қарқыны рекорд орнатты, алайда шілдеге қарағанда бәсеңдеді.

■ Жұмыспен қамту
■ Орындалмаған жұмыс
■ Қоймадағы дайын тауарлар


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Жұмыспен қамту
■ Орындалмаған жұмыс
■ Қоймадағы дайын тауарлар

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ЖЕТКІЗУ ТІЗБЕГІ


Жаңа тапсырыстар саны мен өндіріске деген сұраныстың азаюы тамызда өндірушілерді сатып алудағы белсенділікті қысқартуға мәжбүр етті.

Ресурс сатып алудағы бұл жолғы құлдырау қатарынан үшінші ай тіркелді, ал қысқару қарқыны күрт үдеп, 2022 жылғы наурыздан бергі ең жоғары деңгейге жетті.


Сатып алудағы белсенділіктің бәсеңдеуі компанияларды өндірістің сұранысына

сай ресурс қорын одан әрі азайтуға итермеледі. Төрт айдағы ең бәсеңі болғанымен, төмендеу қарқыны әлі де айтарлықтай жоғары. Өндіріске қажет шикізат қоры ақпаннан бері ай сайын үздіксіз қысқарып келеді.


Өндірушілер тауар сатып алған жағдайда, олар жеткізу машақатына тап болуын жалғастырды, оған Ресеймен шекарадағы кідірістер ықпал етті. Жүк тасымалдаушылардың жеткізу мерзімі қатарынан жеті ай бойы ұлғайды, дегенмен сәуірден бергі ең төменгі деңгейде тіркелді.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.




ИНФЛЯЦИЯ

Шикізат бағасының қымбаттауы тамызда ресурс құнының өсуіне ықпал етті.

Инфляция қарқыны шілдеге қарағанда жоғарылап, сол деңгейде қалды. Металл мен тоқыма бұйымдары ерекше атап өтілді, кей фирмалар Қытайдан жеткізілетін тауар бағасы өскенін хабарлады. Өзге


респонденттер коммуналдық қызмет құны артқанын атап өтті.

Ресурс құнының өсуіне байланысты өндірушілер де өз өнімдерінің сату бағасын көтерді, осылайша, бағаның ай сайынғы үздіксіз өсу үрдісі үш жылға ұласты. Соңғы баға өсімі елеулі және өткен аймен салыстырғанда жедел жүрді.




Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI.
©2026 S&P Global.

■ Ресурс бағасы
■ Дайын өнім бағасы
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция Нүктелер = ұзақ-мерзімді орташа мән.



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.



ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАЛАРЫ

Соңғы үш зерттеу кезеңінде алғаш рет есепте қамтылған өңдеуші өнеркәсіптің барлық ірі сегментінде өндіріс көлемі қысқарды.

Ең ірі құлдырау тамақ өнімдері мен сусындар секторында тіркеліп, өндіріс наурыздан бергі ең төменгі деңгейге түсті. Химия өнімдері мен пластик өндірісі қайта төмендесе, негізгі металдар өндірісі де айтарлықтай қысқарды.


Сол секілді тамақ өнімдері мен сусындар секторының артынан барлық бағыт бойынша жаңа тапсырыс азайды. Өз кезегінде жұмысшы саны да қысқарды.

Негізгі металдар секторын қоспағанда, бақылаудағы үш саланың екеуінде ресурс құны инфляциясы бәсеңдеді. Сонымен бірге, барлық салада дайын өнімнің сату бағасының өсімі баяулады.


Болашаққа қатысты, соңғы үш айлық кезеңде жалпы көңіл-күй бәсеңдеді, ал тамақ өнімдері мен сусындар секторындағы оптимизм зерттеу тарихындағы ең төмен деңгейге түсті.

■ Негізгі металдар
■ Химия және пластик өнімдер
■ Азық-түлік пен сусындар


PMI
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған




Өндіріс
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жаңа тапсырыстар
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Болашақ өндіріс
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Жұмыспен қамту
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Орындалмаған жұмыс
Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Ескерту: Салалық индекстер үш айлық жылжымалы орташа мәнді (3 мма) пайдаланып тегістелді.
Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

- Негізгі металдар
- Химия және пластик өнімдер
- Азық-түлік пен сусындар


Қоймадағы дайын тауарлар

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Сатып алулар саны

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Сатып алулар қоры

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)




Жеткізіп беру уақыты

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда тезірек




Ресурс бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дайын өнім бағасы

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Ескерту: Салалық индекстер үш айлық жылжымалы орташа мәнді (3 мм) пайдаланып тегістелді.

Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.




ХАЛЫҚАРАЛЫҚ PMI

Өнім өндіру PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған


Шілде 2026



Америка

■ US ■ CA ■ BR ■ MX

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

US Құрама Штаттары

CA Канада


BR Бразилия

MX Мексика

Еуропа

■ EZ ■ GB ■ RU ■ TR

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

EZ Еуроаймақ

GB Біріккен Корольдік


RU Ресей

TR Түркия

Азия-Тынық мұхит аймағы

■ CN ■ JP ■ IN ■ ASEAN ■ KR ■ AU

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

CN Қытайдың ішкі өлкесі

JP Жапония

IN Үндістан

ASEAN - Оңтүстік-шығыс Азия елдерінің ассоциациясы

KR Оңтүстік Корея


AU Аустралия

■ Дамыған елдер

■ Дамушы елдер

X осі = PMI, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда жақсарған Y = алты айлық орташа мәнмен салыстырғанда PMI өзгерген

Шілде 2026



Дереккөз: S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Кеңею

Аймақтардағы өсім қарқыны алты айлық кезеңге қарағанда жеделдеді. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең жоғарыда тұрған аймақтар анағұрлым жедел өсім көрсетті.

Баяулау

Алты айлық кезеңге қарағанда баяу қарқынмен өсім көрсеткен аймақтар. Алыс оң қапталдағы аймақтар қарқынды өсті, ең төменде тұрған аймақтарды өсім анағұрлым саябырлады.

Қысқару

Алты айлық кезеңге қарағанда жедел қарқынмен қысқарған аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, ең төменде тұрған аймақтарды қысқару қарқыны барынша тез болды.

Қалпына келу

Алты айлық кезеңге қарағанда қысқару баяу қарқынды жүрген аймақтар. Алыс сол қапталдағы аймақтарда қысқару қарқынды жүрді, жоғарыда тұрған аймақтардағы қысқару қарқыны айтарлықтай саябырлады.

Белгі (мәні)

AT Австрия
AU Аустралия
BR Бразилия
CA Канада

CN Қытайдың ішкі өлкесі
CO Колумбия
CZ Чех Республикасы
DE Германия

ES Испания
FR Франция
GB Біріккен Корольдік
GR Грекия

ID Индонезия
IE Ирландия
IN Үндістан
IT Италия

JP Жапония
KR Оңтүстік Корея
KZ Қазақстан
MM Мьянма

MX Мексика
MY Малайзия
NL Нидерланд
PH Филиппин

PL Польша
RO Румыния
RU Ресей
TH Тайланд

TR Түркия
TW Тайвань
US Құрама Штаттары
VN Вьетнам

ӘДІСТЕМЕ

Freedom Holding Corp.
Қазақстандағы өңдеуші
салалар бойынша PMI®
250 жуық өндіруші
компанияның сату жөніндегі
менеджерлеріне жіберген
сауалнамаға берілген
жауаптар негізінде S&P Global
әзірлеген.

Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айнымалысы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында


құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш - Сату жөніндегі менеджерлер индексі™ (PMI). PMI - келесі бес индекстің орташа есептелген мәні. Жаңа тапсырыстар (30%), Өндіріс (25%), Жұмыспен қамту (20%), Жеткізіп беру уақыты (15%) және Сатылым қоры (10%). Жеткізіп беру уақыты бойынша PMI есептеу үшін өзге индекстермен салыстырмалы бағытта қозғалатындай етіп алмастырылады.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Индекс түсіндірмесі
Индекс, маус. түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Дереккөз: Freedom Holding Corp., S&P Global PMI. ©2026 S&P Global.

Белгі (мәні)

- | | |
|--------------------------------------|--------------------------------------|
| 1 Өзгеріссіз кезеңнен кейін өсім бар | 6 Өзгеріссіз кезеңнен кейін құлдырау |
| 2 Өсім бар, жедел қарқынмен | 7 Құлдырау, жедел қарқынмен |
| 3 Өсім, ұқсас қарқынмен | 8 Құлдырау, ұқсас қарқынмен |
| 4 Өсім, баяу қарқынмен | 9 Құлдырау, баяу қарқынмен |
| 5 Өсім бар, өзгеріссіз қалған | 10 Құлдыраудан соң, өзгеріссіз |

Сауалнама ауқымы

250 өндіруші

Сауалнама тарихы

2019 ж. наурыз айы

Сауалнама сұрақтары

Өндіріс, жаңа тапсырыстар, жаңа экспорттық тапсырыстар, болашақ өндіріс, жұмыспен қамту, орындалмаған жұмыс, қоймадағы дайын тауарлар, сатылым саны, жеткізіп беру уақыты, сатылым қоры, ресурс бағасы, дайын өнім бағасы

Қамтылған секторлар

Халықаралық стандартты салалық жіктеу (ISIC) коды.

- 10 Азық-түлік
- 11 Сусындар
- 12 Темекі өнімдері
- 13 Текстиль
- 14 Киім-кешек
- 15 Былғары және тері өнімдері
- 16 Ағаш және ағаш өнімдері
- 17 Қағаз және қағаз өнімдері
- 18 Баспа ісі және таспаға жазылған материалдарды көбейту
- 19 Көмір және мұнайдан өңделген өнімдер
- 20 Химия және химия өнімдері

- 21 Фармацевтика өнімдері
- 22 Резеңке және пластик өнімдері
- 23 Басқа да бейметалл минерал өнімдер
- 24 Негізгі металдар
- 25 Өңделген металл өнімдер
- 26 Компьютер, электроника және оптикалық өнімдер
- 27 Электр жабдықтары
- 28 Машина және басқа салаларға жатпайтын жабдықтар
- 29 Көлік құралдары, жүк көліктері, тіркемелер
- 30 Транспорттың өзге бөлшектері
- 31 Фурнитура
- 32 Өзге де өндіріс
- 33 Машиналар мен жабдықтарды орнату және өңдеу

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 11,3 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 21 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары АҚШ-тың Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссиясында тіркелген және Nasdaq Capital Market-те FRHC тикерімен саудаланады.

www.freedomholdingcorp.com

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі талдау мақсатында бізге жүгінеді. Әр ұсыныс арқылы біз әлемдегі жетекші ұйымдардың болашағын бүгін болжуына көмектесеміз.

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар арасында танымал.

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/pmi

Байланысушы тұлға

Салтанат Мухамбеталиева
Экономикалық зерттеулер және талдау басшысы
Freedom Holding Operations ЖШС
saltanat.mukhambetaliyeva@frhc.group
Freedom Holding Corp.

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp.

Эндрю Харкер
Экономика жөніндегі директор
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1491 461 016
andrew.harker@spglobal.com

Ханна Брук
EMEA елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасас деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде есепсіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған (кірісті немесе пайданы жоғалту және балама шығындарды қоса алғанда) кез келген залал, шығын, зиян, сот алымдары немесе қаржылай шығыстар үшін жауапкершілік алмайды.